Әділет

# "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату мен оны жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы"

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 436 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 23 қазан N 1270 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 97 (V053505) бұйрығымен.

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес және ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысын бұдан әрі жетілдіру, рецидивті қылмыспен күресте оның тиімділігін арттыру мақсатында бұйырамын:

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату мен оны жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, облыстар мен көліктегі ІІБ, арнайы полиция бөлімшелерінің бастықтары:

1) әкімшілік полиция қызметі, Қылмыстық-атқару жүйесі, Көші-қон полициясы басқармасы, Криминалдық ақпарат және бақылау басқармасы барлық жеке құрамының, учаскелік инспекторлар мен полицияның желілік пункттері бастықтарының Нұсқаулық ережелерін оқып-үйренуін және олардан сынақтар алуды;

2) әкімшілік және көші-қон қызметтерінің есептерін тоқсан сайынғы салыстыру жұмысын қызметтер мен бөлімшелердің рецидивті қылмыспен күрес жөніндегі жұмыстың жағдайын және нәтижелерін талдауды, рецидивті қылмыстардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарды оқып-үйренуді, оларды жедел кеңестерде қарауды;

3) тиісті рұқсаты бар учаскелік инспекторлардың әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарға жедел-қадағалау істерін жүргізулерін ұйымдастырсын;

4) а) қоғамдық тәртіпті сақтауға кірісуші аға патрульдік қызметкерді әкімшілік қадағалауда тұрған және Заң қолданысына түсетін адамдардың тарапынан қадағалау тәртібі мен белгіленген шектеулердің бұзылуларын анықтау мақсатында олардың тізімдерімен және фотосуреттерімен;

б) заң ықпалына түсетін адамдарға қажетті есепке алу материалдарын ашуды, оларды ашудың негізділігін, алдын алу жұмыстарының толықтығы мен

нәтижелерін комиссиялық түрде тексеруді;

в) рецидивті қылмыспен күрес жөніндегі кешенді іс-шараларды жоспарлау кезінде соттармен, прокуратурамен келісуді;

г) аса қауіпті рецидивистер, қадағалаудағы және сотты болу белгілері бойынша әкімшілік қадағалау туралы заңның ықпалына түсетін адамдар ойластырған, әзірлеген немесе жасаған қылмыстары туралы дер кезінде ақпарат алу, олардың қылмыстық әрекеттерін ескерту мен жолын кесу, әкімшілік қадағалаудан жалтарушы адамдарды іздестіру үшін оларды бақылауға жедел-іздестіру мүмкіндіктерін белсенді пайдалануды;

д) аса қауіпті рецидивистерге, қадағалаудағы және оларға қатысты әкімшілік қадағалау белгіленуі мүмкін адамдарды қадағалау жөніндегі жұмыс жағдайын тоқсан сайын талдауды, осының негізінде Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті бөлімшелерінің ақпараттарын толық пайдалана отырып, көрсетілген адамдардың мінез-құлқы мен өмір салты туралы жедел хабардар болуды арттыру жөніндегі қосымша шаралар әзірлеуді және жүзеге асыруды;

е) әкімшілік қадағалауда тұрған адамдардың, немесе аса қауіпті рецидивистердің қасақана қылмыс жасауының әрбір фактісі бойынша тиянақты түрде қызметтік тексерулер жүргізуді; әкімшілік қадағалауды және бұл адамдарға бақылау жасауды жүзеге асырудағы кемшіліктерді анықтауды; оларды жою мен бұрын сотты болған адамдар тарапынан қайта жасалатын қылмыстарды ескерту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру шараларын қолдануды қамтамасыз етсін.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (И.Н. Посмаков):

1) Түзеу мекемелерінен босатылған адамдар туралы хабарламаларға қалалық ішкі істер бөлімдерінен жауаптардың дер кезінде және толық келіп түсуін бақылауды күшейтсін. Дер кезінде шаралар қолдану үшін анықталған кемшіліктер туралы облыстар ІІБ-нің әкімшілік полиция басқармаларына ( бөлімдеріне) жүйелі түрде хабарлап отырсын;

2) Сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу процесінде олардың туысқандары мен жақындарын, діни ұйымдарды, олар сотталғанға дейін еңбек еткен еңбек ұжымдарын кеңінен тартсын.

4. Жедел-техникалық қызмет департаменті (Қ.Е. Тәженов) аса қауіпті рецидивистердің орталықтандырылған есебін қамтамасыз етсін.

5. Облыстар ІІБ-нің Тылдық қамтамасыз ету басқармалары, Ішкіісминінің Тыл департаменті (В.И. Юденко) құжаттардың бланкілерін қосымшаларға сәйкес әзірленуін қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Ішкіісминінің Әкімшілік полиция департаментіне, Криминалдық полиция департаментіне, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне, Көші-қон полициясы департаментіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлер қолбасшысы
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің
2000 жылғы "___"___________
N___бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен
"КЕЛІСІЛГЕН"

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату мен оны жүзеге асыру тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату мен оны жүзеге асыру тәртібін реттейді.

2. Әкімшілік қадағалау бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар (бұдан әрі - қадағаланушылар) тарапынан құқыққа қарсы іс-әрекеттерді ескерту мақсатында олардың мінез-құлқын қадағалау және қажетті тәрбиелік ықпал көрсету үшін сот қаулысы негізінде бекітіледі.

Әкімшілік қадағалау рецидивті қылмысты ескертудің нысаны ретінде заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады.

Оны жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдары қадағалаудағыларға қатысты қажетті алдын алу мен жедел-іздестіру іс-шараларын "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Z960028_ Заңмен (бұдан әрі - Заң) көзделген қадағалау тәртіптері мен белгіленген шектеулерді қолданумен біріктіре отырып жүргізеді.

3. Ішкі істер органдары қызметтерінің әкімшілік қадағалауды орнату және оны жүзеге асыру жөніндегі құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңдармен, осы Нұсқаулықпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің басқа да нормативтік кесімдері анықталады.

Әкімшілік қадағалауды орнату мен оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ішкі істер органдарының қызметтері мынадай негізгі функцияларды атқарады:

1) Түзеу мекемелері аса қауіпті рецидивистерді, криминалдық топ мүшелері және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде әкімшілік қадағалауға алынуға жататын басқа адамдарды есепке алудың толықтығын, олардың түзеу мекемелерінде болған кезеңдегі мінез-құлқы туралы мәліметтер жинауды; көрсетілген адамдарға әкімшілік қадағалау орнатудың қажеттілігі туралы сотқа материалдар мен дәлелді ұсыныстар әзірлеуді; босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыларды және басқа да материалдарды олардың таңдап алған тұрғылықты жерлеріндегі ішкі істер органдарына, ал аса қауіпті рецидивистер мен бұрын сотталған адамдарға ақпараттық-іздеу карталарын - облыстар ІІБ-нің Жедел техникалық бөлімдеріне ( бұдан әрі - ЖТҚБ) дер кезінде жіберуді; адамдардың тізілген санаттарын тұрмыстық және жұмысқа орналастыру мәселелерін алдын ала шешу жөнінде мемлекеттік жұмыспен қамту қызметімен өзара іс-әрекет жасауды қамтамасыз етеді.

2) Қылмыстық-атқару инспекциясы қадағалаудағыларды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын басқа да адамдарды тұрмыстық және жұмысқа орналастыру мәселелерін алдын ала шешу жөнінде түзеу мекемелерімен және мемлекеттік жұмыспен қамту қызметімен өзара іс-әрекет жасауды қамтамасыз етеді, оларға таңдап алған тұрғылықты жері бойынша тұрмыстық және жұмысқа орналастыруда жәрдем көрсетеді.

3) Көші-қон полициясының қызметкерлері дер кезінде жеке куәліктердің ( қажет болғанда) берілуін, қадағалаудағыларды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған басқа да адамдарды тіркеуді қамтамасыз етеді; N 17 нысанды есепке алу карточкалары бойынша осы адамдардың есебін жүргізеді, N 18 нысандағы рапортпен ішкі істер органының бастығын хабардар етеді және тиісті нұсқаулар алғаннан кейін рапорттың бірінші данасын ол қызмет көрсететін аумақта аталған адам тіркелетін полицияның учаскелік инспекторына (бұдан әрі - учаскелік инспектор), ал екінші данасын қылмыстық-атқару инспекциясына тапсырады.

4) Учаскелік инспекторлар қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметкерлерімен бірлесе отырып, қадағалаудағылардың және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын басқа да адамдардың келіп жетуіне, тіркелуіне бақылау жасайды; негіздер болған жағдайда сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетін адамдарға әкімшілік қадағалау орнату үшін материалдар ресімдейді; қадағалаудағылардың әкімшілік қадағалау ережелерін және оларға белгіленген шектеулерді сақтауын бақылайды; әкімшілік қадағалауды жүзеге асыруға қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тартады; қадағалаудағылар тарапынан болатын құқық бұзушылықтарды ескерту мен олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданады, қадағалаудағылардың және

сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетін адамдардың қылмыстық байланыстары мен пиғылдарын анықтайды; олар ойластырып және әзірлеп жатқан қылмыстарды ескерту шараларын қолданады; бұрын сотты болғандарға АІК (ақпараттық-іздеу карточкалары), коррекция парақтарын толтырады және оларды ІІБ ЖТҚ-ның КАжББ-ға жібереді, оған қоса бас бостандығынан айыру орындарынан келгендерге (N 6 қосымша) байланыс кесіндемесін толтырады.

5) Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындары, медициналық айықтырғыштары, кезекші бөлімдері әр түрлі құқық бұзушылықтар үшін ұсталған адамдардың арасынан қадағалаудағыларды және сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетін адамдарды анықтайды; тәулік ағымында бұл адамдардың тұрғылықты жерлеріндегі ішкі істер органдарына олар жасаған құқық бұзушылықтар туралы, оның ішінде ұсталған қадағаланушылар, әкімшілік қадағалаудан жалтарушылар туралы хабарлап отырады.

6) Анықтау мен тергеуді жүргізуші адамдар қадағаланушылар немесе сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетін адамдар жасаған қылмыстарды тергеу кезінде олардың қылмыс жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ әкімшілік қадағалауды дер кезінде тағайындамаудың және одан жалтарған адамдарды іздестірмеудің себептерін анықтайды; көрсетілген адамдардың тұрғылықты мекені бойынша ішкі істер органдарының бастықтарына әкімшілік қадағалауды тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі жұмыста анықталған кемшіліктер бойынша ұсыным енгізеді.

7) Криминалды полиция қызметі қадағаланушының әкімшілік қадағалау ықпалына формальды түсетін адамдардың, криминалдық топтар мүшелерінің қылмыстық байланыстарын, пиғылдарын анықтайды, олар ойластырып және дайындап жатқан қылмыстарды ескертуге учаскелік инспекторлармен біріге отырып шаралар қолданады.

**2. Бас бостандығынан айыру орындарында әкімшілік қадағалауды тағайындаудың негіздері мен тәртібі**

4. Әкімшілік қадағалау бас бостандығынан айыру орындарында Заңның "а" және "б" тармақтарға сәйкес соттар аса қауіпті рецидивист деп танылған және ауыр қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға сотталған немесе қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотталған жасы кәмелетке толған адамдарға қатысты, егер жаза өтеу кезінде олардың мінез-құлықтары, олардың түзелу жолына түсуді қаламайтындығы және қоғам үшін қауіпті болып қала беретіндігі дәлелдеген жағдайда тағайындалады.

Түзелу жолына түсуге табанды қарсылық деп адамның жаза өтеу режимін жүйелі түрде бұзуын көрсететін тұрақты теріс мінез-құлықты және олардың

тәрбие ықпалының шараларын елемеуді түсіндіреді. Мінез-құлықтың тұрақты теріс бағытта болуына бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу сәтіне үш және одан да көп немесе алынып тасталмаған жазалардың, олардың ішінде айыптылық оқшаулау орындарына немесе камералық үлгідегі үй-жайларға ауыстыру куәлік болып табылады.

5. Босатылған адамдарға әкімшілік қадағалауды тағайындау мақсатында түзеу мекемесінің қызметкерлері мынадай функцияларды орындайды:

1) Арнайы бөлімдер - әкімшілік қадағалауға алуға жататын түзеу мекемесінен босатылуына үш ай қалғанда ол туралы мәліметтерді тәрбие, жедел және режимдік аппараттарға береді, мінездемелерде көрсетілген жазалар мен көтермелеудің болуы туралы мәліметтердің олардың іс қағаздары материалдарымен сәйкестілігін салыстырады, үкімнің көшірмесін режим бөліміне береді, босату туралы анықтамаларда "Қадағалау тағайындалған" деген мөртабан қойылады, комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді.

Әкімшілік қадағалауға алынбаған, бірақ сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетін адамдар босатылған кезде босату туралы анықтамаларда "Қадағалауға жатады" деген мөртабан қойылады.

2) Жедел бөлімдер - түзеу мекемесінің басқа да қызметтерінің бірге босатылатын адамдар туралы, оның ішінде сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетіндер туралы ақпаратты жинау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді, олар туралы қажетті мәліметтерді ішкі істер органына жолдайды.

3) Режимдік бөлімдер - арнайы және жедел бөлімдерден, топ бастықтарынан тиісті материалдарды алып және зерттеп білген соң, Заңның 2-бабындағы "б" тармағында көрсетілген адамдарға қатысты түзеу мекемесінің, тұрақты іс-әрекеттегі комиссияға берілетін түзелу жолына түсуге сотталғандардың табанды түрде қарсылық көрсетуі жөнінде куәлік ететін материалдарды дайындайды; әкімшілік қадағалауға алынған және сотты болудың формальды белгілері бойынша Заң ықпалына түсетін адамдарға қажетті материалдарды ішкі істер органдарына жібереді; әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы қаулыларды тіркеу журналын жүргізеді (1-қосымша); сотталған адамның босатылуынан бір ай бұрын оған тұлғаның ақпараттық-іздеу карточкасын толтырады және фотосуретін, үкімнің көшірмесімен бірге таңдап алған тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына жолдайды. Аса қауіпті рецидивистерге есепке алу құжаттары (АІК - 2 данада, фотосурет - 3 данада) жаза өтеу мерзімінің аяқталуынан жиырма күн бұрын таңдап алған тұрғылықты жері бойынша ІІБ ЖТК ҚАжББ-ға жібереді.

4) Топ бастықтары - заңның 2-бабындағы "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген босатылатын адамдарға әкімшілік қадағалауды тағайындаудың

мақсатқа сәйкестілігі туралы дәлелді қорытындылары бар мінездемелерді жазады ; мінездемемен түзеу мекемесі бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жедел және режимдік бөлімдердің бастықтары келіседі және оларды мекеме бастығы бекітеді.

5) Сотталғандарды тұрмысқа және еңбекке орналастыру жөніндегі аға инспекторлар - босатылғандардың таңдап алған тұрғылықты мекені бойынша оларды тұрмысқа және еңбекке орналастыру мәселелері бойынша мемлекеттік еңбекпен қамту қызметімен және ішкі істер органдарымен хат алмасып тұрады.

5. Заңның 2-бабындағы "б" тармақшасында көрсетілген адамдардың материалдары босатылған, сондай-ақ осы адамдардың жаза өтеу мезгіліндегі мінез-құлқын сипаттайтын түзеу мекемелерінің қызметкерлері шақырылатын тұрақты жұмыс істейтін комиссияның отырысында қаралады.

6. Комиссия материалдарды қарап және босатылған адамның мінез-құлқы, түзелу жолына түсуге оның табанды түрде қарсылығы туралы куәлік етеді деген қорытындыға келіп, бұл адамдарға әкімшілік қадағадалауды тағайындау туралы өтінішті қозғайды.

Комиссия отырысы хаттамамен рәсімделеді, оған отырыс төрағасы мен хатшы қол қояды.

7. Түзеу мекемесінің бастығы, Заңның 2-бабындағы "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген адамдардың босатылуына бір ай қалғанға дейінгі уақыттан кешіктірмей, әкімшілік қадағалауды тағайындаудың қажеттілігі туралы сотқа дәлелді ұсыным жолдайды.

Ұсынымға сотталғанның түзеу жолына тұруға табанды қарсылығы туралы куәлік ететін материалдар қоса беріледі.

8. Заңның 2-бабындағы "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік қадағалауды алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу мекемесінің орналасқан жері бойынша соттың отырысында аудандық (қалалық) сот өзі ғана тағайындайды.

Соттың отырысына оған қатысты әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы ұсыным енгізілген адам жеткізіледі, оның өтініші бойынша қорғаушы, ұсыным енгізген мекеменің өкілі, бастығы шақырылады.

Мәселені қарау ұсынымның және онымен бірге келіп түскен материалдардың мазмұнын баяндаудан басталады, одан кейін сот отырысына келген адамдардың түсініктемелері тыңдалады.

Сот істі қарағаннан кейін шешім қабылдау үшін кеңестік бөлмеге шығады, қаулы отырыс залында жарияланады.

Соттың қаулысы үш данадан құралады, оның екеуі сотталғанның түзелу жолына түсуге табанды түрдегі қарсылығы туралы куәлік ететін материалдармен бірге атқару үшін түзеу мекемесінің бастығына жолданады.

9. Әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы түзеу мекемесіне атқару үшін келіп түскен соттың қаулысы келіп түскен күні хатшылықта (кеңседе), ал одан соң әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы қаулыны тіркеу журналына тіркелуі тиіс.

10. Сотталған адамның түзеу мекемесінен босатылар кезінде оған әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы қаулы жарияланады. Сотталғанға бір уақытта таңдап алған тұрғылықты жеріне белгіленген мерзімде келмегені үшін, сондай-ақ әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатында олардың тұрғылықты жерінен өздігінен кетіп қалғаны үшін жауапкершілік шаралары түсіндіріледі.

Адам әкімшілік қадағалауды орнату туралы қаулыға қол қоюдан бас тартқан жағдайда ТМ бастығы режимдік бөлімнің қызметкерлерін және отряд бастығын қатыстыра отырып тиісті жазба жасайды.

11. Қадағалаудағы адамды, бас бостандығынан айыру орнынан босатар алдында, түзеу-мекемесінің әкімшілігі, соттың әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулысымен қоса оның келіп жететін мерзімі көрсетілген ескерту қағазын босатылған адамның таңдаған тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына жібереді.

## 3. Ішкі істер органдарында әкімшілік қадағалауды ұйымдастыру

12. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде әкімшілік қадағалауға алынған адамға шектеу орнату тәртібі:

1) Ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары түзеу мекемесінен жазасын өтеген адамға қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны алған соң, ол қаулыны қадағалауға алынған адам тұратын учаскенің учаскелік инспекторына тапсырады және оған қадағалауға алынған адамның таңдаған тұрғылықты жеріне келуіне бақылау жасауды ұйымдастыруды тапсырады.

Әкімшілік қадағалау ісін жүргізуге әкімшілік қадағалауды орнату туралы қаулысы негіз болады.

2) Әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны алған учаскелік инспектор бас бостандығынан айыру орнынан келген адаммен әңгімелеседі, бас бостандығынан айыру орнынан алынған Т-АІК көрсетілген деректердің дұрыстығын салыстырады, оны тұрғылықты мекен-жайының тіркеу ережесін сақтау жөніндегі жауапкершілік туралы ескертеді, қадағаланушының дер кезінде тіркеуге тұруын бақылайды және Заңның 7 бабында қарастырылғандай шектеулер орнату жөнінде ішкі істер бөлімінің бастығына өз ұсыныстарын баяндайды.

ІІББ, ІБ ЖТҚ КажББ-на (Криминалдық ақпарат және бақылау басқармасына) тіркеу орны, қажетті жағдайда нақты тұрып жатқан жері, басқа да өзгерістер: сырт келбеті, татуировкалары және т.б. көрсетілген коррекция парағын жібереді.

3) Аса қауіпті рецидивист деп танылған қадағаланушыға үш күн мерзім ішінде жазбаша хабарлама дайындайды және оны ІІБ ЖТҚ КажББ-ға жібереді (N 19 қосымша).

4) Ішкі істер органының бастығы қадағаланушыға шектеу орнату туралы ұсыныс (N 3 қосымша) жасайды және оны он күндік мерзім ішінде қарауға жататын сотқа үш күн ішінде жібереді. Соттың шектеу орнату туралы қаулысы үш данада жасалады, оның екеуі орындау үшін ішкі істер органының бастығына жіберіледі.

5) Ішкі істер органының бастығы учаскелік инспекторды қатыстыра отырып қадағаланушыға әкімшілік қадағалау тәртібін, оның міндеттері мен қадағалаудың тәртібі мен шектеуін бұзғаны, сондай-ақ олардың қадағалаудан жалтару мақсатымен тұрғылықты жерін өз бетімен тастап кеткені үшін жауапкершілікті түсіндіреді.

6) Қадағалаушыға шектеу орнатылған соң учаскелік инспектор оған әкімшілік қадағалау ісін (N 4 қосымша) ресімдейді, журналдың бірінші бөлімінде әкімшілік қадағалау ісін және ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келген қадағаланушыны тіркеу (5-қосымша); қадағаланушыға күзету карточкасын (8-қосымша) толтырады және оны облыстық мекен-жай бюросына жібереді.

Әкімшілік қадағалау ісі ішкі істер органының үй-жайында сақталады, мұндай жағдайда әкімшілік қадағалау ісін жүргізу участкелік инспекторларға жетекшілік ететін әкімшілік қызмет бөлімшесі инспекторларының біріне жүктеледі. Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының ұйғарымы бойынша әкімшілік қадағалау ісі учаскелік инспектордың үй-жайында сақтауға болады, егер сақтау ережесі бұзылмаған жағдайда.

7) Түзеу мекемесінен жазасын өтеген қадағаланушыға қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулы келмеген немесе қадағаланушы босату туралы анықтамада көрсетілген тұрғылықты жерге емес, басқа жерге келген (әкімшілік қадағалаудан жалтару ойы болмаған) жағдайда мұндай адам нақты тұратын учаскедегі инспектор үш күн мерзімнен кешіктірмей ТМ-ге немесе қадағаланушы келуге тиіс ішкі істер органына оған қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны жіберу туралы сұрау салады.

8) Әкімшілік қадағалау, әдетте, қадағаланушының тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Егер қадағаланушы дәлелді себептер бойынша аталған мекен-жайда тұра алмаса, ішкі істер органының бастығы учаскелік инспектордың мәлімдемесі және қадағаланушының арызы бойынша оған қызмет көрсетуші аймақтың шегіндегі басқа жерде уақытша тұруға рұқсат бере алады.

9) Бұдан арғы барлық өзгерістер, сондай-ақ қадағаланушының еңбекке

орналасқаны туралы ІІБ ЖТҚ КажББ коррекция парақшасы арқылы хабарланады .

**4. Ішкі істер органының материалы бойынша әкімшілік қадағалау орнату туралы және негізі**

13. Сотты болудың формальды белгілері бойынша заң ықпалына түсетін адам таңдаған жеріне келген соң, мұндай адам келген учаскенің учаскелік инспекторы босатылған адаммен әңгімелеседі, бас бостандығынан айыру орнынан алынған ақпараттық іздеу карточкасында көрсетілген деректердің дұрыстығын салыстырады және оны ІІБ КАжББ-ға жібереді (егер бас бостандығынан айыру орнынан босатылған кезде босатылған адамға ақпараттық іздеу карточкасы (АІК) толтырылмаса, онда оны учаскелік инспектор толтырады) , оған тұрғылықты мекен-жайының тіркеу ережені сақтау жөніндегі жауапкершілік туралы ескертеді, босатылған соң құқыққа қарсы мінезқұлыққа жол бермеу туралы және қоғамдық тәртіпті бұзса немесе басқа да құқық бұзушылық жасаса, әкімшілік қадағалау орнатылатыны жөніндегі ескертулерді ресімдейді, және профилактикалық іс жүргізеді.

Профилактикалық іс жүргізуге босату туралы анықтамасы негіз болады.

Учаскелік инспектор профилактикалық іске бас бостандығынан айыру орнынан босатылғаны туралы анықтаманың көшірмесін, сотты болу фактісі бойынша түсініктемені тігеді, арнайы тексеру талаптарын толтырады және көші-қон полициясынан келген N 18 нысанадағы мәлімдememен ҚСжАО-ға жібереді. Сотталған жеріндегі сотқа үкімнің көшірмесін жіберу туралы сұрау салады. Адамның облыс (республика) шегінен тыс жаңа тұрғылықты жеріне көшіп келгені, бас бостандығынан айыруға сотталғаны не болмаса бас бостандығынан айыру орындарынан босаған күнінен бастап үш жыл мерзім өткен соң бұл туралы хабарлама алғаннан кейін алып қоюға жататын күзету карточкасын толтырып, облыстық мекен-жай бюросына жібереді, профилактикаланушы адамға бақылау карточкасын толтырады, ол ішкі істер органы полицияның учаскелік инспекторларына жетекшілік ететін бөлімше бастығында болатын бақылау карточкаларын тіркеу журналына тіркеледі.

Профилактикаланушы адамға ашылған бақылау карточкасының дәлелділігін ішкі істер органының бастығы немесе оның қызмет бойынша орынбасары тексереді, ол туралы белгі жасалады. Бақылау карточкасы картотекаға орналастырылады, профилактикалық іс жинақтау ісіне қосылады.

Профилактикалық іс, профилактикалаушы адамның іс-әрекеті туралы хабарламалар жинап уақытылы жауапкершілікке тарту үшін жүргізіледі. Учаскелік инспектор жоғарыда көрсетілген есепте тұрған адамдардың қылмыстық ниеттері немесе жасалған қылмыс туралы ақпарат алған кезде бұл туралы ішкі істер органының бастығына немесе оның орынбасарына рапортпен

хабарлауға міндетті.

Профилактикалық жұмысты өткізу барысына бақылауды ішкі істер органы бастығының қызмет бойынша орынбасары немесе полицияның учаскелік инспекторларына басшылық жасау жөніндегі бөлімше жүзеге асырады. Олар тоқсан сайын профилактикалық істің және бақылау карточкаларының жүргізілуін тексереді, қажетті нұсқау береді.

Ақпараттық-іздеу карточкалары ІІБ ЖТҚ КАжББ-дан қайтарылған кезде ол профилактикалық іске орналастырылады.

Т-АІК болған кезде учаскелік инспектор ІІБ ЖТҚ КАжББ-ға коррекция парағын жібереді, онда тіркеу орнын, қажет болған жағдайларда: шын мәнінде тұратын жерін, өзге өзгерістер: сырт бейнесі, татуировкаларды және т.б. көрсетеді. Егер оның есепке қою сәтінде оның жұмыс орны белгісіз болса, онда есепте тұрған адамның жұмысқа орналасуы жөніндегі бұл ақпарат келешекте коррекция парағымен ІІБ ЖТҚ КАжББ-ға ұсынылады.

Келешектегі барлық өзгерістер туралы ІІБ ЖТҚ КАжББ коррекция парағымен хабардар етіледі. Есепте тұратын адам жаңа тұрғылықты жерге ауысқан кезде ІІБ ЖТҚ КАжББ коррекция парағымен хабарланады, ал профилактикалық іс және Т-АІК ол тіркелуге міндетті жердегі ішкі істер органына жіберіледі. Жаңа тұрғылықты жерде тіркеу кезінде ІІБ ЖТҚ КАжББ коррекция парағымен хабарланады.

Деректердің автоматтандырылған банкісінде (бұдан әрі - ДАБ) есебінде тұрған адам қылмыстық жауапқа тартылған жағдайда оған Т-АІК толтырылады.

14. Заңның 2-бабындағы "в" тармағына сәйкес ішкі істер органының материалдары бойынша ауыр қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға сотталған немесе қасақана жасаған қылмыстары үшін екі және одан көп рет бас бостандығынан айыруға сотталған жастары кәмелетке толған адамдарға қатысты, егер олар жаза өтегеннен кейін үш жыл ішінде немесе жаза өтеуден мерзімінен шартты түрде бұрын босатылғаннан кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан, қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың құқықтарын жүйелі түрде бұзса, өзге құқық бұзушылықтарды жасаған болса, әкімшілік қадағалау тағайындалады.

15. Заңның 2-бабындағы "в" тармағына сәйкес әкімшілік қадағалауды тағайындау үшін бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамның құқыққа қарсы мінез-құлықты тоқтату туралы жазба ескертулерге қарамастан қоғамдық тәртіпті, басқа азаматтардың құқықтарын жүйелі түрде бұзғандығын куәландыратын ішкі істер органдарының материалдары негіз болып табылады. Сонымен қатар, көрсетілген адам бір жылдың ішінде өзінің қоғамдық тәртіпті бұзғаны немесе өзге құқық бұзушылық жасағаны үшін және бір жылдың ішінде қайталап қоғамдық тәртіпті, басқа азаматтардың құқықтарын бұзып немесе өзге

құқық бұзушылықты жасаса, кемінде екі рет әкімшілік жазаға немесе қоғамдық ықпал шараларына тартылуы керек.

16. Сотты болудың формальды белгілері бойынша заңның ықпалына түсетін адамдардың құқық бұзушылық жасағандары туралы ақпаратты дер кезінде алу мақсатында, учаскелік инспектор олардың мінез-құлықтарын тұрғылықты жері бойынша, қажет болғанда, жұмыс орны бойынша мезгіл-мезгіл бақылауға, айына кемінде бір рет мұндай адамдарды құқық бұзушылардың анықтама карточкасы бойынша тексеруге, қабылдау-тарату орындарының, медициналық айықтырғыштардың, ішкі істер органдары кезекші бөлімдерінің, ЖТҚ КАжББ ДАБ ақпараттарын пайдалануға міндетті, тексерістердің материалдары профилактикалық іске қоса тіркеледі.

17. Егер әкімшілік қадағалауға алынуы тиіс адам құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол берілмей, бір жылдың ішінде екі рет қоғамдық тәртіпті, басқа азаматтардың құқықтарын бұзса немесе солар үшін әкімшілік жаза не қоғамдық ықпал шараларына тартылған болса, құқыққа қарсы өмір салтын жалғастырған жағдайда, учаскелік инспектор мұндай адамды қайтадан жауапқа тарту жөнінде шаралар қолданады және әкімшілік қадағалауды тағайындаудың мақсатқа сәйкестігі туралы ішкі істер органының бастығына рапорт арқылы баяндайды. Рапортқа жол берілген құқық бұзушылық және оған қолданылған жазаларды ( адамды жауапқа тарту туралы хаттамалар мен қаулылардың расталған көшірмелері) куәландыратын материалдар қоса тіркеледі.

18. Ішкі істер органының бастығы ұсынылған материалдарды қарап, әкімшілік қадағалауды тағайындаудың негізі қадағаланушыға қатысты ұсынылатын мерзімдер мен шектеулер көрсетілген әкімшілік қадағалауды мұндай адамға тағайындаудың қажеттігі туралы дәлелденген ұсынысты сотқа жолдайды (7-қосымша).

Заңның 2-бабындағы "в" тармағында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Сонымен бірге, әкімшілік қадағалауды тағайындау мерзімі әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы соттың қаулысы шыққан сәттен бастап саналады. Әкімшілік қадағалауды тағайындау (ұзарту) мерзімі күнтізбелік аймен есептеледі. Мысалы, әкімшілік қадағалау алты ай мерзімге 1999 жылғы тамыздың 30-ы күні тағайындалса, онда оның әрекеттегі соңғы күні 2000 жылғы ақпанның 28-і болады, яғни әкімшілік қадағалау көрсетілген күннен кешіктірілмей ұзартылуы мүмкін.

19. Заңның 2-бабындағы "в" тармақшасында көрсетілген адамдарға әкімшілік қадағалау бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өз отырысында тағайындалады.

Сотқа ұсыныммен бірге өкімнің көшірмесі және осы Нұсқаулықтың 18-тармағында аталған әкімшілік қадағалауды тағайындаудың қажеттілігін айғақтайтын материалдар жіберіледі.

Соттың отырысына оған қатысты әкімшілік қадағалауды тағайындау туралы ұсыным енгізілген адам шақырылады.

Соттың қарау және шешім қабылдау процедурасы 9-тармақтың (2, 3 және 4 азат жолдары) мағынасымен бірдей.

Әкімшілік қадағалау ісін жүргізуге соттың қаулысы негіз болады.

20. Әкімшілік қадағалуды тағайындау туралы не мерзімін ұзарту туралы немесе қадағалауды іске асыру кезінде шектеудің өзгеруі туралы соттың қаулысы қадағалаудағы адамның қолы қойылып хабарланады. Бұл уақытта оған әкімшілік қадағалау ережелері, оның міндеттері және ережелер мен шектеулерді бұзғаны үшін, әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен тұрғылықты орнын өз бетімен тастап кеткені үшін жауапқа тартылатындығы түсіндіріледі.

Учаскелік инспектор әкімшілік қадағалау іс қағазын (4-қосымша) рәсімдейді, оған профилактикалық іс-қағаздардың барлық материалдарын қосады, ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келген қадағаланушыларды және әкімшілік қадағалау істерін тіркеу журналының бірінші бөлімінде (5-қосымша) ескеріледі, қадағаланушы адамға бақылау карточкасын қояды және оны бақылау карточкаларын тіркеу журналына тіркейді. Бір уақытта облыстық мекен-жай бюросына күзет карточкасын жібереді.

Әкімшілік қадағалау ісін жүргізуді бақылауды ішкі істер органының бастығы, оның қызмет бойынша орынбасары не полицияның учаскелік инспекторлары бөлімшесінің басшысы жүзеге асырады, олар ай сайын іс жүргізу сапасын тексереді және қажетті нұсқаулар береді.

## 5. Ішкі істер органдарында әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

21. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) қадағаланушының мінез-құлқы туралы мәліметтерді меншік нысандарына қарамастан ұйымның әкімшілігіне, оның жұмыс істейтін және тұрғылықты жеріне, сондай-ақ азаматтарға сұрау салуға және алуға;

2) қадағаланушыны әңгімелесу үшін ішкі істер органына, учаскелік инспектордың қызметтік бөлмесіне шақыруға, қажет болған кезде мұндай әңгімелерді қадағаланушының туыстарының қатысуымен, олардың келісімімен өткізуге;

3) қадағаланушыдан әкімшілік қадағалау ережелерін орындаумен байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктер талап етуге;

4) қадағаланушының мінез-құлқын және тағайындалған шектеулерді

орындауын бақылау мақсатында оның тұрғын үйіне тәуліктің кез-келген уақытында кіруге құқылы.

22. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі профилактикалық іс-шараларды өткізуге көмек көрсету үшін ішкі істер органдарының штаттан тыс қызметкерлері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылуы мүмкін.

23. Учаскелік инспектор қадағалаудағы адамдармен әкімшілік қадағалаудан жалтару жағдайларын және олардың құқық бұзушылықты жасауына жол бермеу жөнінде ескерту жұмыстарын жүргізуге міндетті (N 16 қосымша).

24. Қадағалаудағы адамның қылмыс жасау ниеті туралы ақпарат келіп түскен кезде учаскелік инспектор оны болдырмау үшін дереу шара қолданады, ол жөнінде ішкі істер органының бастығына баяндайды.

25. Қадағалаудағы адамдардың әкімшілік қадағалау ережелерін және белгіленген шектеулерді сақтауларына бақылау жасауды, әдеттегідей оның тұрғылықты жері бойынша учаскелік инспектор жүзеге асырады. Ішкі істер органы бастығының нұсқауы бойынша мұндай бақылауды басқа қызметтер мен бөлімшелердің қызметкерлері де жүзеге асыруы мүмкін. Тексерулердің жиілігі, уақыты мен тәсілдері бас бостандығынан айыру органдарынан алынған ақпарат, қадағаланушының жеке басы, оның мінез-құлқы, өмір сүру салты, қылмыстық байланыстары мен қайтадан қылмыс жасау ниеті ескеріле отырып анықталады.

Қадағалаудағы адамды тұрғылықты жері бойынша тексеру қадағаланушының және оның отбасы мүшелерінің жеке абыройын кемсітпейтіндей сыпайы және әдепті нысанда өткізіледі.

26. Қадағалаудағы адамдардың әкімшілік қадағалаудың ережелері мен шектеулерін сақтауын тексеру нәтижелері туралы ішкі істер органының қызметкерлері бақылау парағына (9-қосымша) тиісті белгі қояды.

27. Қадағалаудағы адамға тіркелу үшін ішкі істер органына келу түріндегі шектеу тағайындалған жағдайларда ішкі істер органы бастығының нұсқауы бойынша мұндай тіркеуді учаскелік инспекторларға басшылық жасау жөніндегі әкімшілік қызмет бөлімшесінің (тобының) қызметкері, басқа қызметтердің қызметкерлері жүзеге асырады, ол туралы арнайы тіркеу парағына (10-қосымша) белгі қойылады.

Егер қадағалануға алынған адам ішкі істер органдарынан едәуір қашықта тұратын болса, онда тіркелу үшін учаскелік инспектордың қызметтік үй-жайына келіп белгіленуі мүмкін.

28. Қадағалауға алынған адамдардың келуін тіркеу белгілі шектеулерге байланысты жүзеге асырылады және оның таңдап алған тұрғылықты жері бойынша бақылау, сондай-ақ профилактикалық сипаттағы әңгіме өткізу мақсатында пайдаланылады. Келу сағаттары қадағаланушылардың жұмыстары мен оқуларына әсер етпейтіндей есеппен тағайындалады. Қадағаланушылармен

өткізген әңгіме нәтижелері тоқсанына бір рет, анықтамамен рәсімделеді (20-қосымша).

29. Әкімшілік қадағалаудың ережелері мен белгіленген шектеулердің әрбір бұзылу жағдайлары бойынша ішкі істер органының қызметкері хаттама толтырады, ол ішкі істер органының бастығы бекіткеннен кейін шара қолдану үшін қадағаланушының келуін қамтамасыз ете отырып, сотқа жіберіледі (28-қосымша).

30. Егер әкімшілік қадағалаудың ережелері мен белгіленген шектеулердің бұзылуын қадағаланушы тұрмайтын қызмет көрсету аумағындағы ішкі істер органының қызметкері анықтаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама шара қолдану үшін осы адамға әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органына жіберіледі.

31. Қадағалау ережелері мен шектеулерін бұзғаны үшін қадағаланушыға әкімшілік ықпал ету шаралары оған ескертілген қадағалау ережелері мен шектеулерді бұзған сәтінен бастап екі ай мерзім ішінде қолданылуы мүмкін.

32. Егер қадағаланушы әкімшілік қадағалаудың ережелерін немесе белгіленген шектеулерді бұзғаны үшін 1 жылдың ішінде 2 рет әкімшілік жауапқа тартылса және осындай жағдайды қайталаса (егер екінші жауапқа тартылған уақыттан бері 1 жыл мерзімі өтпеген болса), онда учаскелік инспектор жадығаттарды ішкі істер органының бастығына қадағалаушыны әкімшілік бақылауды өрескел бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға шешім қабылдау үшін баяндайды.

33. Қадағаланушы Заңның 16-бабында тізілген әкімшілік қадағалау ережелері мен белгіленген шектеулерді бұзғаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

Ол әкімшілік қадағалауды тағайындау немесе ұзарту жөніндегі қаулы жарияланғаннан кейін және қаулыда көрсетілген мерзім шегінде жіберілген тәртіп бұзушылықтар үшін ғана жауапкершілікте болады.

34. Әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғаны үшін қадағаланушыны жауапқа тарту мәселелерін шешу кезінде Заңның 7 және 16-баптарында қарастырылмаған , сондай-ақ Заңда қарастырылғанмен, әкімшілік қадағалауды тағайындау (ұзарту) туралы қаулыда немесе қадағаланушыға шектеулерді тағайындау туралы қаулыларда тізілмеген ережелер мен шектеулерді бұзу әрекеттері ескерілмейді.

35. Қадағаланушының тұрақты тұратын жерінен уақытша аудан (қала) шегінен тыс жерлерге шығуы туралы мәселелерді ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары қадағаланушының жазбаша өтінішінің негізінде және оның қадағалауда болған уақыттағы мінез-құлқы туралы жазған учаскелік инспектордың мәлімдемесіне қарайды. Қабылданған шешім туралы өтінішке сәйкес жазбалар жазылады.

Қадағаланушыға шығуға рұқсат берілер кезде шығу себебі, әкімшілік қадағалауда болған кезеңдегі мінез-құлқын сипаттайтын деректер ескеріледі.

36. Қадағаланушыға басқа жерге уақытша кетуге рұқсат берген кезде қолхат бойынша бағыттық парақ беріледі (11-қосымша), онда басқа елді-мекенге шығуға рұқсат берілген датасы, бару мақсаты мен мерзімі, белгіленген уақытта қадағаланушының жергілікті ішкі істер органында тіркелу, шақыру бойынша бөлімге келу, тұрақты тұратын жері бойынша оған қадағалау жасауды жүзеге асыратын учаскелік инспекторға өзінің оралғаны туралы хабарлау міндеттері көрсетіледі. Қадағаланушының шығып кеткені туралы учаскелік инспектор ол келуге тиіс аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органына жазбаша хабарлайды (12-қосымша).

37. Қадағаланушы басқа ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келгенде, учаскелік инспекторларға басшылық жасау жөніндегі әкімшілік қызмет бөлімшесінің (тобының) қызметкері, ал ол жоқ болған кезде учаскелік инспектор немесе ішкі істер органы бойынша кезекші әкімшілік қадағалау және ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа уақытша тұру үшін келген қадағаланушыларды тіркеу журналының екінші бөліміне тіркейді (5-қосымша); тәулік ішінде бұл адам тұратын аумаққа қызмет көрсететін учаскелік инспекторға хабарлайды; бағыттық парағына қадағаланушының келгені, кеткені туралы сәйкес белгілер қояды, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртабанымен) растайды.

38. Учаскелік инспектор қадағаланушының уақытша тұру мерзімі ішінде оның мінез-құлқы мен өмір сүру салтына бақылау жасауды жүзеге асырады; әңгіме өткізу үшін оның келу күндерін белгілейді; қадағаланушының келу мерзімі аяқталғанда бағыттық парағына оның уақытша тұрғылықты жеріндегі мінез-құлқы жайлы жазбалар енгізеді.

39. Қадағаланушы тұрақты тұратын жеріне оралған кезде оған әкімшілік қадағалау жасауды іске асыратын учаскелік инспектор бағыттық парақ жазбаларымен танысады, оған аталған адамның келгені туралы белгі қояды және бағыттық парақты әкімшілік қадағалау ісіне тіркейді.

40. Әкімшілік қадағалауда тұрған адам тұрақты тұратын жерін ауыстырған кезде кадағалауды жүзеге асырушы учаскелік инспектор бұл туралы қадағаланушының жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына хабарлайды (13-қосымша).

Қадағаланушының жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органы үш күн мерзім ішінде сұрау салуға, ал бұрынғы тұрған жеріндегі ішкі істер органы салынған сұрау бойынша сол тұлғаға әкімшілік қадағалау ісін жіберуге міндетті. Әкімшілік қадағалау ісін жіберуші ішкі істер органы үш күндік мерзім ішінде қадағаланушының тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы облыстық ІІБ

мекен-жай бюросына жазбаша түрде (15-қосымша), ал аса қауіпті рецидивист деп танылған адамға қатысты болса, мұнан басқа ІІБ ЖҚБ КАжББ хабарлайды (19-қосымша).

Осыған ұқсас хабарламалар әкімшілік қадағаланушыны немесе сотты болудың белгілері бойынша заң ықпалына түскен адамдарды бас бостандығынан айыруға соттаған, сондай-ақ оның сотты болуын алып тастаған не жойған жағдайда мекен-жай бюросына жіберіледі.

Қадағаланушы жаңа тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда әкімшілік қадағаланушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органы оның болмауы себептерін анықтау үшін шаралар қолданады.

41. Қадағаланушы басқа тұрғылықты жерге кеткен кезде оған бақылау парағы (14-қосымша) беріледі, онда кеткен датасы, жаңа тұрғылықты мекен-жайы және жаңа тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына тіркелуге келу мерзімі көрсетіледі.

42. Әкімшілік қадағалау тағайындалған адам бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде таңдап алған тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда ішкі істер органы Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілгендей іздеу салады.

Учаскелік инспектордың учаскесінде тұруға тиіс немесе тұрған тұрғылықты жері бойынша мұндай адамның жоқтығын анықтаған сәттен бастап үш күн ішінде және тапқан жағдайда қадағаланушының әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғаны туралы хаттама жасап, оған түсініктемелерді, анықтамалар мен басқа да қолда бар материалдарды қосып, ішкі істер органының бастығына немесе оның орынбасарына баяндайды.

Белгіленген мерзімде аса қауіпті рецидивист таңдап алған тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда учаскелік инспектор бес күндік мерзім ішінде бұл туралы ІІБ ЖТҚ КАжББ-ға хабарлайды.

Ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары қылмыстық іздестіру шараларын жүргізеді.

Түзеу-мекемесінен уақытылы босатылғаны жәйлі анықтамада көрсетілген, таңдап алған мекен-жайына себепсіз келмеген қадағалаушыны анықтаған кезде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдары қылмыстық іс қозғайды.

43. Іздестіруде болған қадағаланушыны іздеп тапқан жағдайда сол аумақтың ішкі істер органы уақытша қамауға ұстайтын орынға қамайды, және іздестірушіге шұғыл хабар береді.

## 6. Қадағаланушыға қойылған шектеулердің негіздері мен өзгерту тәртібі, әкімшілік қадағалауды ұзарту және тоқтату

44. Қадағаланушыға қатысты белгілі бір шектеулердің тізімін оның жеке басын, өмір сүру салтын және мінез-құлқын ескере отырып, бірақ Заңның 7 бабында қарастырылған шектеулердің шегінде, ішкі істер органының ұсынымы бойынша судья қысқартуы немесе толықтыруы мүмкін.

45. Қадағаланушының шектеулеріндегі өзгерістер туралы учаскелік инспектордың енгізген ұсынымдарын қараған соң, ішкі істер органының бастығы сотқа шектеулерді күшейту немесе кеміту туралы ұсыным жібереді. Шектеулерді өзгерту туралы қаулы алынған күннен бастан үш күн мерзім ішінде қолхат бойынша қадағаланушыға хабарланады.

46. Әкімшілік қадағалаудағы қоғамдық тәртіп бұзушылықтар мен басқа да құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға қатысты қадағалау әр ретте тағы да алты айға ұзартылуы мүмкін, бірақ екі жылдан артық емес. Мұнда әкімшілік қадағалауды ұзарту мерзімі әкімшілік қадағалауды ұзарту туралы судьяның қаулы шығарған сәтінен бастап есептеледі.

47. Әкімшілік қадағалауды ұзарту туралы мәселені шешерде тек қадағалаудың белгіленген шектеулері мен ережелерін бұзу ғана емес, сонымен қатар оның әкімшілік жаза қолдану шараларына немесе қоғамдық әсер ету шараларына тартылуына себеп болған қадағаланушылардың жіберген қоғамдық тәртіпті бұзушылықтары мен өзге де құқық бұзушылықтар жасағандығы ескеріледі.

